

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2021 жылғы 17 наурызда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің орынбасары
Р. В. Склярға**

ДЕПУТТАТЫҚ САУАЛ

Құрметті Роман Васильевич!

Қазақ халқы бір-бірімен кездесіп, амандасқан кезде, ең алдымен, «Мал-жан аман ба?» деп сұрауы тегін емес. Себебі, мал – халықтың тұрмыс-тіршілігі, күнкөріс көзі. Асырап отырған малдың саулығы отбасының ғана емес, бүкіл халық денсаулығының негізі.

Ауыл шаруашылығындағы жетекші салалардың бірі мал шаруашылығы болса, ветеринария оның ең өзекті жүйесі болып табылады.

Ұлы физиолог И.П. Павлов: «Медицина адамды емдейді, ал, ветеринария адамзатты емдейді» деп айтқан екен. Яғни, ветеринария – жан-жануарлар мен адамдар арасында қалқан тәрізді қызмет атқаратын ауқымды жүйе.

Колхоз, совхоздар тарап, жекешелендіру басталған уақытта ветеринария саласына көңіл бөлінбеді, соның нәтижесінде мал аурулары көбейіп кетті. Ал, қазіргі кезде вакциналар салынып, малға ем жасалуда. Дегенмен, әлі де болса кемшіліктер орын алуда.

Ветеринария жүйесіндегі тоқырау ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің зардап шегуі мен табысынан қағылуы, мал шаруашылығы саласының инвестициялық тартымдылығының төмендеуі, бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуды сияқты жағымсыз салдарға әкеп соқтыруда.

Сондықтан, ветеринария жүйесін дамыту және келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін біз, «Ақ жол» партиясының мүшелері, орын алған мәселелерді тілге тиек ете отырып, мынадай ұсыныстарымызды алға тартамыз.

1. Вакциналар жөнінде. Фермерлер мемлекет сатып алған вакциналарды қолдануға мәжбүр. Нодулярлы дерматиттің таралуына байланысты

2020 жылы әртүрлі вакцинация жүргізілді. Нәтижесінде малдың қырылуы фактілері орын алды.

Халықаралық практикаға (*Бразилия және мал шаруашылығы біршама дамыған басқа да елдер*) сүйенер болсақ, аурудың алдын алу үшін вакцинация жүргізу міндетті шара болып табылады. Бірақ, мемлекет вакцина сатып алмайды, екпе препаратына сертификат ғана береді.

Сонымен қатар, бруцеллез сияқты аса қауіпті аурулар бойынша диагностика жасау үшін мемлекет жылына миллиардтаған қаражат бөледі. Санитариялық союды компенсациялау үшін де жергілікті бюджеттен қаншама қаражат жұмсалады. Алайда, мұның біреуі де мәселені шешпей отыр. Оның орнына, аталған қаражат бруцеллез ауруына қарсы міндетті вакцинациялауға жұмсалған жағдайда, 2-3 жыл ішінде бұл індеттен толық құтылуға болады.

Ұсыныс. Мемлекеттің рөлі, өнімді сертификаттау. Ал, бизнесте таңдау болуы керек. Ресми ветеринарлар тарапынан міндетті бақылау жүргізілген кезде мемлекет беретін вакциналардың орнына, сертификатталған вакциналарды пайдалануға рұқсат беріліп, бруцеллез ауруына қарсы міндетті вакцинациялау жүргізілсе.

2. Орталықтандырылған сатып алу. Мал шаруашылығы ақпарттық жүйесінде тіркеуге алынатын мемлекеттік биркаларға қатысты.

Ереже бойынша, төл туылғаннан кейін, бір апта ішінде тіркелуге тиіс. Ал, тіркелмеген жағдайда, мал шаруашылығы ақпарттық жүйесіндегі деректердің бұрмалануына, фермерлерге негізсіз айыппұл салуға, мемлекеттік қолдаудан айрылу жағдайына әкеп соғады.

Мысалы, төл жөніндегі мәліметті мал шаруашылығы ақпарттық жүйесі базасына үш айдан кешіктірмей енгізу мүмкін емес. Өйткені биркалар ең жылдам дегеннің өзінде жаз айларында ғана келіп түседі. Жануарларды сәйкестендіруде бирка (таңба) алу – ұзақ уақыт алатын процесс.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жануарларды сәйкестендіру ережесі және мал шаруашылығы ақпараттық базасына деректерді енгізу ережесінің талаптарына қарамастан, мемлекеттік сатып алу жүйесіне сілтеп, биркалармен уақтылы қамтамасыз ету бойынша өз міндеттерін дер кезінде іске асырмайды.

Ұсыныс. Өндіруші зауыттармен мемлекеттік-жекешелік әріптестік (*бұдан әрі - МЖӘ*) тетігі бойынша келісімшарттар жасасуға мемлекет тарапынан мүмкіндік берілуі. Нәтижесінде биркалардың бағасы төмендейді, жеткізушілер ұзақ мерзімді келісімшартпен қамтамасыз етіледі, шаруалар биркаларға дер кезінде қол жеткізеді және ұйымдастырылған шаруа қожалықтары биркаларды өз бетінше сатып ала алады.

3. Мал шаруашылығының ақпараттық жүйесі. Аталмыш жүйе 10 жыл бұрын әзірленген, бүгінде мұндай формат заман талабына сай келмейді, ескіріп тоқырауға түскен деуге болады.

Жүйе алақол пайдаланушылардың айла-әрекет жасауына мүмкіндік беріп отыр. Демек, алаяқтық пен бюджет қаражатын оңды-солды жұмсау қаупі де жоғары. Ауыл шаруашылығы министрлігі бюджеттен қаражат жұмсап, бұл проблеманы өздігінен шешуге тырысуда. Алайда әлі күнге дейін ешқандай нәтиже байқалмайды.

Қазіргі уақытта блокчейн сияқты заманауи технологиялардың бар екені мәлім. Онда мал иесі электронды өтінім жібереді, ал ветеринар келіп түскен өтінімді жай ғана тіркеп қояды. Осылайша операцияның цифрлық ізі белгіленеді. Бұл – қате енгізу мен алаяқтықтан қорғанудың жолы.

Ауыл шаруашылығы министрлігінде мұндай технологиялар енгізіліп жатқан жоқ, жүйе дамымай отыр. Яғни, мемлекеттік органның мал шаруашылығы ақпараттық жүйесіндегі монополиясын жою қажет. Бүгінгі күні басқа салаларда қолданылып жүрген сәтті практикаларды байқап отырмыз.

Тіпті, egov.kz-тің өзі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бірыңғай операторы болуды тоқтатты. Өткен жылдың соңында Б. Мусин: «Енді, онлайн режимде egov.kz мемлекеттік қызметтерін көрсететін монополиялық терезе болмайды. Демек, мемлекеттік қызметтер барлық платформаларда, тіпті «Каспий» қосымшасында да көрсетіледі!» – деп атап өтті.

Ұсыныс. Мал шаруашылығын дамытуда МЖӘ тетігі бойынша жеке операторлармен жұмыс істеп, көпарналылық (*бірнеше оператормен жұмыс*) әдістемесін енгізу қажет. Аталған процесс клиентпен жұмыс істеуге бағдарлап, жүйелер арасындағы бәсекелестіктің қарқынды дамуына бастамашы болады. Расталмаған деректер мәселесі жойылып, қағаз жүзіндегі құжат айналымы тоқтатылады.

4. Материалдық-техникалық жарақтандыру. Қазіргі уақытта мемлекеттік ветеринариялық қызметті материалдық-техникалық жарақтандыру деңгейі өте төмен. Оның ішінде зертханалардың жағдайы көңіл көншітпейді.

Мәліметтер бойынша мемлекеттік зертханалар талдауының дұрыс жүргізілмеуіне қатысты шағымдар бар. Мысалы: талдау жүргізу нәтижесінде мал қанында инфекциялар анықталады, ал тәуелсіз зертханада анализді қайта тапсырған кезде теріс нәтиже көрсетеді. Кәсіпорын уақытын сарп етіп, ресурстарын жоғалтады, табысын жоғалтады. Тіпті реактивтер табылмай, реагенттердің жарамдылық мерзімі талапқа сай келмейтіндігі де анықталды.

Оған қоса, жеке зертханаларға аса қауіпті ауру түрлеріне талдау жүргізуге тыйым салынған. Мұндай шешім нарықты тарылтып, бәсекелестікті тұншықтырады.

Талдау жүргізуде қаражатты үнемдеуге болмайды. Ветеринариялық зертханалар салу үшін, соңғы рет инвестиция 2010-2013 жылдары салынған.

Ұсыныс. Талдау жүргізуді бәсекелес ортаға шығару. Бұл талдау құнын төмендетіп, сапаны арттыруға жол ашады.

5. Маман тапшылығы. Қазіргі таңда аталған салада мамандар тапшы. Білікті ветеринарлардың болмауы саланың дамуын кенжелетуде. Оның бірден-бір себебі – мемлекеттік ветеринар дәрігерлер еңбек ақысының (*орташа айлық ақысы – 70 мың теңге*) төмендігінде. Қаражаттың аздығы білікті мамандардың тапшылығына, жастардың осы мамандық бойынша білім алуға ынталы болмауына әкеп соғады. Көп жағдайда 1 мал дәрігері бірнеше ауылдық округке қызмет көрсетеді.

Ұсыныс. Жоғарғы оқу орындарында ветеринар мамандарына гранттар санын арттырып, маманның айлық ақысын көтеру.

6. Малдың жүріп-тұруын қадағалау жүйесі. ЕЭК-тің малдың жүріп-тұруын қадағалау жүйесіне көзқарасы маңызды. Одақ тарапынан Қазақстанға Сәйкестендіру нөмірлері эмиссияларын ұлт деңгейінде орталықтандыру ұсынылып отыр. Одан әрі нөмірлер ұлттық жүйелерде тіркеледі. Мұндай тәсіл Қазақстанды тәуелді етіп, оның цифрлық егемендігіне нұқсан келтіреді.

Ұсыныс. Сәйкестендіру нөмірлері эмиссиясын құқықты ұлттық жүйелердің құзырына қалдыру қажет.

Онымен қоса, саладағы осындай мүшкіл жағдайға қарамастан Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринарияға қажетті көңіл бөлмей отыр.

Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті төрағасының және 2 орынбасардың лауазымдары жарты жылдан бері бос тұр. Ветеринария жөніндегі салалық вице-министр тағайындалмаған.

Мал шаруашылығы өнімін экспорттау үшін жаңа нарықтар ашу бойынша жұмыс жүргізіліп жатқан жоқ. Ал, бұған дейін жұмыс жасап келген нарықтар жабылуда.

Ветеринариялық ахуалды жақсарту бағытындағы жүйелі жұмыс тоқтап, ағымдағы мәселелер қордаланып қалды. Айта берсек, кемшіліктер аз емес.

Құрметті Роман Васильевич, халық денсаулығын адам мен жануарға ортақ аурулардан қорғау, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағын жұқпалы және эпизоотиялық аурулардан қорғау ветеринария саласының міндеттері болып табылады.

Ал, жүйе ақсап тұрған қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығы саласы шаш етектен шығынға батып қана қоймай, ауру адамдарға жұғып, халық өміріне қауіп төндіреді. «Ауру – астан» деп бекер айтылмаған. Ішіп отырған азық-түлігіңіз, сүтіңіз, етіңіз таза болса, ауру да болмайды.

Сондықтан да, осы саланы жетілдіруге байланысты ұсыныстарымызды алға тарта отырып, қолдауыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,
«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары**

**А. Әбілдаев
А. Перуашев
Е. Барлыбаев
Б. Дүйсенбинов
Е. Ерубасев
Д. Еспаева
А. Жұмабаева
Қ. Иса
А. Линник
Е. Өмірғали
М. Раманқұлов
А. Сембинов**